

Маңғыстау атом энергетикалық комбинатында және Атырау мұнай өңдеу зауытында болған апаттардың себептерін тергеп-тексеру жөніндегі мемлекеттік комиссияны құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы 4 шілдедегі № 105-ө өкімі.

Маңғыстау атом энергетикалық комбинатында болған апаттың себептерін тергеп-тексеру мақсатында:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Маңғыстау атом энергетикалық комбинатында және Атырау мұнай өңдеу зауытында болған апаттардың себептерін тергеп-тексеру жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кіріссін, апаттардың себептері мен мән-жайларын жан-жақты тергеп-тексеруді қамтамасыз етсін, энергетикалық және мұнай-газ кәсіпорындарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия апаттардың себептерін тергеп-тексерудің нәтижелері, энергетикалық және мұнай-газ кәсіпорындарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар туралы баяндасын.

Премьер-Министр

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2023 жылғы 4 шілдедегі
№ 105 өкіміне
қосымша

Маңғыстау атом энергетикалық комбинатында және Атырау мұнай өңдеу зауытында болған апаттардың себептерін тергеп-тексеру жөніндегі мемлекеттік комиссияны үкіметтік комиссияның құрамы

Смайылов	-	Қазақстан Республикасы
Әлихан Асханұлы	-	Премьер-Министрі, төраға
Скляр	-	Қазақстан Республикасы
Роман Васильевич	-	Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары
Нұрмағанбетов	-	Қазақстан Республикасының
Жандос Демесінұлы	-	Энергетика вице-министрі, комиссия хатшысы
Сәтқалиев	-	Қазақстан Республикасының
Алмасадам Майданұлы	-	Энергетика министрі
Шәріпханов	-	

Сырым Дүйсенғазыұлы	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі
Ахметжанов Марат Мұратұлы	-	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
Ноғаев Нұрлан Асқарұлы	-	Маңғыстау облысының әкімі
Шәпкенов Серік Жамбулұлы	-	Атырау облысының әкімі
Өмірәлиев Жандос Жәнібекұлы	-	Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары
Қосжанов Бақытбек Жамалбекұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары
Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы	-	"КазМунайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы
Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы	-	"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы " KEGOC" акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы
Мақсұтов Қайрат Берікұлы	-	"Самұрық-Энерго" акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы